КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 30 сәуір № 7119-25-00-2/3635 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«КӘУСАР» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Патима Ибрайқызы Жиемуратова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «КӘУСАР» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Патима Ибрайқызы Жиемуратованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «КӘУСАР» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Патима Ибрайқызы Жиемуратова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «КӘУСАР» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Патима Ибрайқызы Жиемуратовадан мемлекет пайдасына 4 810 (төрт мың сегіз жүз он) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер «КӘУСАР» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Патима Ибрайқызы Жиемуратовадан мемлекет пайдасына 2 110 (екі мың бір жүз он) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 30.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 09.06.2025, судья Искалиева А. С., 12.06.2025
7119-25-3-1/3264

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 30.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.06.2025, судья Искалиева А. С., 12.06.2025

7119-25-3-1/3264